«Ақмола облысы білім басқармасы
Ерейментау ауданы бойынша
білім бөлімі
Олжабай батыр ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі
**БҰЙРЫҚ**

Коммунальное государственное учреждение
«Общеобразовательная школа
села Олжабай батыра
отдела образования
по Ерейментаускому району
управления образования
Акмолинской области»
**ПРИКАЗ**

020801, Қазақстан Республикасы
Ақмола облысы Ерейментау ауданы
Олжабай батыр ауылы
Ш. Байтуаров көшесі № 15
тел: 34-1-98
«19» 04 2024 жыл

№ 26

020801 Республика Казахстан
Акмолинская область
Ерейментауский район
село имени Олжабай батыра
улица Ш. Байтуарова №15
тел: 34-1-98
«19» 04 2024 год

**«2023-2024оқу жылының аяқталуы және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігінің 2023 жылғы 3 қазандағы № 304 бұйрығы, Ақмола облысы білім басқармасының 2023 жылғы 5 қазан № 378 бұйрығына және Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің 2024 жылғы 19 сәуірдегі №145 бұйрығына сәйкес,сондай-ақ меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
1) меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы -2024 жылғы 25 мамыр;
2) 9 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары -2024 жылғы 29 мамыр -11 маусым аралығында;
3) 11 сынып білім алушылар мемлекеттік бітіру емтихандары -2024 жылғы 28 мамыр-11 маусым аралығында.

2. Қорытынды аттестаттау өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
9 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:
1) қазақ /орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала,әңгіме,эссе)-2024 жылғы 29 мамыр;
2) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы )- 2024 жылғы 3 маусым;
3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен

әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) -2024 жылғы 6 маусым;

4) Таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі(ағылшын, француз, неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан-2024 жылғы 10 маусым;

11 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі)бойынша жазбаша емтихан-2024 жылғы 28 мамыр;
2) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан -2024 жылғы 31 мамыр;
3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан -2024 жылғы 4 маусым;
4) Орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан -2024 жылғы 7 маусым.
5) Таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі(ағылшын, француз, неміс), Информатика) бойынша емтихан- 2024 жылғы 11 маусым;

3. 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсін.
4. Сынып жетекшілер емтихан өтетін оқу кабинеттерін дайындасын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары С.Смаиловаға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Назарбекова С.А.**

**Таныстым:** Смаилова С.К.